

## АЛҒЫ СӨЗ

Оқырмандар назарына ұсынылған жинақ көрнекті фольклорист, этнограф және зерттеуші, Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының халық әртісі, композитор А. В. Затаевичтің (1869-1936) туғанына 150 жыл толуына арналған.

Жарияланымдарға қойылатын талаптарға сәйкес құрастырылған материалдар Александр Викторович Затаевичтің көп қырлы шығармашылық тәжірибесін және мұрасын одан әрі зерттеу және дамыту үдерісінде қажетті және маңызды көмек болады. Осы ретте, ерекше кезеңдерде жарыққа шыққан, яғни қайтыс болғанның 20 жылдығына, туғанына 100 жыл толуына арналған басылымдар жатады. А. В. Затаевичтің мерейтойына арналған іс-шаралар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қамқорлығымен өткізіліп отырған, атап айтқанда, осы жылғы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың да библиографиялық көрсеткіште көрініс тапқандығы әртүрлі ұрпақтар өкілдерінің ғылыми-зерттеу, білім беру және музыкалық-орындаушылық қызметіне, кейінгі ғылыми ізденістерге жаңа серпін береді деген сенім артамыз.

Сонымен қатар, бұл көрсеткішке А. В. Затаевичтің есімімен, баршаға белгілі музыкалық-этнографиялық жинақтармен және композиторлық шығармашылықпен байланысты алуан түрлі жанрдағы баспа өнімдер ауқымы қамылғанымен қатар, заманауи деректердің де енгені (интернет-басылымдар) музыкалық ағартушылық сипаттағы мәселлерді шешуге пайдасын тигізеді.

Нақты осы мақсатта А. В. Затаевичтің тікелей туындыларын қарастырған адамдарға белгілі көрнекілік материалдардың кіргізілгені, сөзсіз, автор жайында өз танымын кеңейту қажеттілігін сезінген орындаушыларға немесе оның мұрасын енді зерттеу үдерісіне қадам басқан ізденушілерге пайдалы болады.